БІЛІМ ЖӘНЕ ӨНЕР

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСТЫҚ МӘДЕНИ-ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ

№7
2019

Айгүл ҚАБИЕВА:

ЖАМБЫЛДА ЖАСТАР ТЕАТРЫН АШАТЫН УАҚЫТ ЖЕТТІ

Сандуғаш ҮСЕНОВА
М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті «Инклюзивті білім берудегі психологиялық бейімделу» орталығының аға үйлестірушісі, психология магистрі

Инклюзивті білім – бейімдеу баспалдағы

Соңғы жылдары елімізде мүмкіндігі шектеулі және интелектуалдық жетіспеушілігі басым, ата-анадан қамқорсыз, әрі жетім балаларды да қамқорлыққа алып олардың да білім мен тәрбие алуына елімізде жан-жақты жағдай жасалынып келеді. Сондай-ақ, мұндай балалардың қоғамнан тыс қалмауына мемлекет тарапынан да жіті көңіл бөлініп отыр. Қазақстанның тұңғыш Елбасы Н.Назарбаев мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс екенін айтып, баршамызды ондай адамдарға қамқорлық көрсетуге шақыруы соның дәлелі. Сонымен қатар ҚР «Білім туралы» Заңының, 3-бабының, 1, 2-тармақтарында Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарына баршаның сапалы білім алуға құқықтарының теңдігі; әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі жатады деп көрсетілген. Осы бағытта инклюзивті білім беру баршаның сапалы білімге қол жетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған білім беру жүйесін тарату процестерінің бірі болып табылады. Ол балалардың дене, психикалық, зияткерлік, мәдениэтникалық, тілдік және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, сапалы білім беру ортасына айрықша білім алу қажеттіліктері бар балаларды қосуды, барлық кедергілерді жоюды, олардың сапалы білім алуы үшін және олардың әлеуметтік бейімделуін, социумге кірігуін көздейді.

Өзім еңбек ететін М.Х.Дулати атындағы ТарМУ-де 2016 жылдан бастап инклюзивті білім беру жүзеге асырып келеді. Университетте 2016-2017 оқу жылында мүмкіндіктері шектеулі 20 студент және 2 магистрант білім алса, 2017-2018 оқу жылы мүмкіндіктері шектеулі 34 студент, ал 2017-2019 оқу жылында 43 студент білім алуда. 2018 жылы қаңтар айында Университет ректорының бұйрығымен

нклюзивті білім берудегі психологиялық йімделу» орталығы ашылды. Сонымен қатар, іргі таңда университетте «Инклюзивті білім руді психологиялық-педагогикалық қолдау» ежесі қолданысқа еніп, мүмкіндіктері шектеулі уденттерді жалпы білім беретін ортада бірігу сандары анықталып, ЖОО-да мүмкіншіліктері ктеулі студенттерді қолдау орталығы туралы ежесі әзірленді. «Гуманитарлық-әлеуметтік лымдар» факультетіне «Инклюзивті білім ру негіздері» пәні енгізілді. «Психология және дагокика» кафедрасында инклюзивті білім руді жетілдіру бағытында ғылыми-зерттеу мыстары жүргізілуде.

Қазіргі уақытта мүмкіндігі шектеулі амдардың құқығына қатысты ең өзекті селе – ол «кедергісіз» ортаны қалыптастыру. ы бағытта университетте көптеген жұмыстар қарылуда. Оқу үрдісінде барлық емтихандарды найы жабдықталған аудиторияларда псыру ұйымдастырылған. Университет сшылығы қызметкерлерді инклюзивті білім ру технологияларын меңгеру үшін түрлі рстарға жіберуді қолға алуда. Мысалы, ңғы үш жылда университет қызметкерлері клюзивті білім беру бойынша Алматы, ымкент, Қарағанды, Өскемен және Қызылорда лаларында «ҚР ЖОО-да инклюзивті ім беру» ресурстық кеңес беру орталығы ымдастырған семинар-тренингтерге қатысып найы сертификаттар иеленді. Орталық зметкерлері университет оқытушылары ін республикада алғашқылардың бірі болып Инклюзивті білім беру технологиясы» курсын кізді. Курстың мақсаты жоғары оқу орнының ытушыларының инклюзивті білім беру ласында білімдерінің деңгейін жоғарылату не ЖОО жағдайларында инклюзивті білім рудің тәсілдері мен әдістерін енгізуге жағдай асау болып табылады. Тренингтер арқылы ытушы мен мүмкіндігі шектеулі студенттердің у үрдісінде шынайы қарым-қатынасын дамыту лдары қарастырылды. Курсты тәмамдаған ңдаушыларға арнайы сертификаттар табыс ілді.

2018 жылы университетте «Мүмкіндігі ектеулі студенттерді оқытудағы арнайы ралдарды пайдалану және әмбебап дизайн инциптері» тақырыбында өткен семинар-енингке «Жігер» мүмкіндігі шектеулі дамдардың жастар ұйымы» қоғамдық рлестігінің президенті П.Юсупджанов, Мүгедектігі бар студенттерге арналған қолдау орталығының басқарушы орынбасары Д.Базарбек, «Инклюзия ЖОО-да болуы керек!» жоба көмекшісі Б.Нусипова, кітапханашы А.Мырзабеков шақырылып, оқытушыларға елімізде инклюзивті білім берудің технологисы жан-жақты таныстырылды.

Сонымен қатар, Ұлы дала өнері арқылы жастардың шығармашылық дамуына жағдай жасау, рухани – мәдени әлеуетін, жас ұрпақ бойында өнерге деген құштарлығын арттыру мақсатында орталық қызметкерлері «Мен өмірге құштармын» атты байқау өткізді. Алғаш рет ұйымдастырылып отырған бұл байқау мүкіндігі шектеулі жандардың өнерге деген құштарлығы жоғары екендігін көрсетті. Қазіргі уақытта орталық Bilig Brains және Фридрих Эберт қоғамдық қорларымен тығыз байланыс орнатқан.

Биыл Алматы қаласында Фридрих Эберт атындағы Қордың Қазақстандағы Өкілдігі «Қазақстанда инклюзивті қоғамды дамыту», «Серіктестік қоғамды дамыту» жобалар аясында ұйымдастырылған тренингке университет қызметкерлері қатысып, тәжірибе жинақтап қайтты. Қазақстандағы Фридрих Эберт атындағы Қор бірлестік құндылықтарына негізделген еркін қоғам құру және барлық азаматтардың шығу тегіне, жынысына немесе дініне қарамастан саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени өмірге қатысуына тең мүмкіндіктер беруге; жанданған және күшті демократияны қалыптастыруға; барлық адамдар үшін лайықты еңбек ететін тұрақты экономиканы дамытуға; қазіргі заманғы денсаулық сақтауды қамтамасыз етуге, білім сапасын арттыруға, кедейшілікпен күресуге және өз азаматтарын күнделікті өмірде жақсы өмір сүру үшін қолдауға қабілетті әлеуметтік мемлекет сақтауға және дамытуға күш жұмсауда. Бұл Қор Қазақстан территориясында көптеген жобаларды жүзеге асыруда. Осы Қордың үйреткен тәжірибелері арқасында біз аймақтағы жоғары оқу орындарының оқытушыларына, мектеп мұғалімдеріне, бала-бақша тәрбиешілеріне арнайы курстар ұйымдастыру қолға алынуда.Біздің мақсатымыз сапалы білім бере отырып, мүмкіндігі шектеулі жандарға күш-қуат беріп, рухани әлемдерін кеңейтіп, өмірге деген көзқарастарын жақсарту болып табылады. Мұндай жандарға қамқорлық көрсету баршамыздың парызымыз деп білемін.